

Ф.7.02-10

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ
МИНИСТРЛІГІ
М.ӘУЕЗОВ атындағы ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН УНИВЕРСИТЕТІ



БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ

6В03131- Әлеуметтік саладағы психолог-консультантты даярлау

Тіркеу номері	6В03100 147
Білім беру саласының коды мен жіктелуі	6В03 - Әлеуметтік ғылымдар, журналистика және ақпарат
Даярлау бағыттарының коды мен жіктелуі	6В031 Әлеуметтік ғылымдар
Білім беру бағдарламаларының (БББ) тобы	В041 Психология
БББ түрі	Қолданыстағы
ББХСЖ бойынша деңгейі	6
ҰБШ бойынша деңгейі	6
СБШ бойынша деңгейі	6
Оқыту тілі	Қазақ, орыс
БББ көлемі	240 кредит
Білім беру бағдарламасының айрықша ерекшеліктері	
Серіктес-ЖОО (ҚББ)	-
Серіктес-ЖОО (ҚДББ)	-


Шымкент, 2025ж.

Құрастырушылар:

Т.А.Ә.	Қызметі	Қолы
Лекерова Г.Ж.	«Жалпы педагогика және психология» кафедрасының профессоры, пс.ғ.д.	
Усенова А.М.	Доктор PhD, доцент, «Жалпы педагогика және психология» каф. меңгерушісі	
Шоманбаева А.О.	«Жалпы педагогика және психология» кафедрасының доценті, пс.ғ.к.	
Вероцкая Г.	«Инновациялық психология» Республикалық қоғамдық қорының директоры	
Шырымбаева А.Р.	«Атамекен» бала бакшасы Бакша меңгерушісі	
Абильдаева Г.С.	Ө.А.Жолдасбеков атындағы №9 ПТ-лицейінің директоры	
Альменов С.Т.	«Айболит» поликлиникасы. Бас дәрігері.	
Баймуханбетова М.З.	Директор Республиканских Общественных объединений «Союз медицинской психологии и социальной защиты»	
Серикбаева А.К.	ТП-23-18к1 топ студенті	

Білім беру бағдарламасы «Тарих және педагогика» факультетінің академиялық сапа жөніндегі комитет мәжілісінде қаралды.

« 17 » 03 2025ж. № 4-1 хаттама.

АК төрағасы  М.А.Ермекбаев

М.Әуезов атындағы ОҚУ Оқу-әдістемелік Кеңесінің мәжілісінде талқыланып, бекітуге ұсынылды

« 18 » 03 2025ж. № 4 хаттама.

ОӘК төрағасы  Е.И. Иманғалиев

Университет Ғылыми Кеңесінің шешімімен бекітілді

« 17 » 03 2025ж. № 10 хаттама.

МАЗМҰНЫ

1.	Бағдарламаның концепциясы	4
2.	Білім беру бағдарламасының паспорты	7
3.	БББ бітіруші түлегінің құзыреттіліктері	11
3.1	Жалпы БББ бойынша оқыту нәтижелерінің қалыптасатын құзыреттермен арақатынасы матрицасы	14
4.	Модульдер мен пәндердің оқыту нәтижелерін қалыптастыруға ықпалы мен еңбек көлемі туралы мәліметтер матрицасы	15
5	Білім беру бағдарламасының модульдері бөлінісінде меңгерілген кредиттер көлемін көрсететін жиынтық кесте	67
6.	Оқыту стратегиясы, әдістері және жасанды интеллект, бақылау және бағалау	68
7	БББ оқу-ресурстық қамтамасыз ету	69
	Келісу парағы	70
	Қосымша 1. Жұмыс берушінің пікірі	71
	Қосымша 2. Эксперттік қорытынды	

Қосымша 3. Кәсіби стандарттар.

1. БАҒДАРЛАМАНЫҢ КОНЦЕПЦИЯСЫ

Университет миссиясы	Жаңа құзыреттіліктерді қалыптастыру, зерттеушілік ойлау мен мәдениетті тарататын көшбасшы дайындау
Университет құндылықтары	<ul style="list-style-type: none"> • Ашықтық – өзгерістерге, инновацияларға және ынтымақтастыққа ашық. • Шығармашылық – идеяларды тудырады, оны дамытады және құндылықтарға айналдырады. • Академиялық еркіндік – таңдау, даму және әрекет ету еркіндігі. • Серіктестік – барлығы жеңетін қарым-қатынаста сенім мен қолдауды қалыптастырады. • Әлеуметтік жауапкершілік – міндеттемелерді орындауға, шешімдер қабылдауға және олардың нәтижелері үшін жауапты болуға дайын.
Түлек үлгісі	<ul style="list-style-type: none"> • Терең пәндік білім, оны кәсіби қызметте қолдану және үнемі кеңейту. • Ақпараттық және цифрлық сауаттылық және жылдам өзгеретін ортадағы ұтқырлық. • Зерттеу дағдылары, шығармашылық және эмоционалдық интеллект. • Кәсіпкерлік, тәуелсіздік және өз қызметі мен әл-ауқатына жауапкершілік. • Жаһандық және ұлттық азаматтық, мәдениеттер мен тілдерге төзімділік.
БББ бірегейлігі	<ul style="list-style-type: none"> • Стейкхолдерлердің талаптарын ескере отырып түзетілген түлектің кәсіби құзыреттерін қалыптастыру арқылы өңірлік еңбек нарығына және әлеуметтік тапсырысқа бағдарлану. • Практикаға бағдарлану және сыни ойлау мен іскерлікті дамытуға, кез келген өмірлік жағдайда функционалдық сауатты және бәсекеге қабілетті болуға және еңбек нарығында сұранысқа ие болуға мүмкіндік беретін кең ауқымды дағдыларды қалыптастыруға аса назар аудару. • Дуальды оқыту, білім беру мекемелерінде, «Инновациялық психология» Республикалық қоғамдық қоры мен «BOLMYS» практикалық психология Орталығы базасында практикалық дағдыларды иелену мен білімдерді игеру мүмкіндіктерінің болуы.
Академиялық адалдық және этика саясаты	<p>Университетте академиялық адалдық пен академиялық еркіндікті сақтау, кез келген төзімсіздік пен кемсітушіліктен қорғау шаралары қабылданды:</p> <ul style="list-style-type: none"> – Академиялық адалдық ережелері (10.10.2022 ж. №212-нқ бұйрығы); – Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт (07.12.2021ж. №221-нқ бұйрығы); – Әдеп кодексі (10.10.2022ж., №212-нқ бұйрығы);
БББ әзірлеудің нормативтік-құқықтық негіздері	<ol style="list-style-type: none"> 1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы; 2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығымен және 29.12.2021ж №614 өзгерістер мен толықтыруларымен бекітілген Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары; 3. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2018 жылғы 31 қазандағы №600 бұйрығымен бекітілген Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларына 02.06.2023ж. №252 бұйрығымен енгізілген өзгертулер мен толықтырулар 4. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің 2022 жылғы 20 шілдедегі №2 бұйрығымен бекітілген Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары; 5. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі № 152 бұйрығымен және 23.09.2022 жылғы №79 өзгерістер мен толықтыруларымен бекітілген Кредиттік оқыту технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру ережесі; 6. Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2020 жылғы 30 желтоқсандағы № 553 бұйрығымен бекітілген Басшылар, мамандар және басқа да қызметкерлер лауазымдарының біліктілік анықтамалығы. 7. Оқу процесіне ECTS принциптерін енгізу және академиялық еркіндікті кеңейту бойынша әдістемелік ұсыныстар. ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің бұйрығына қосымша. Қазақстан Республикасының 2024 жылғы 12 ақпандағы № 57 бұйрығы

	8. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің білім беру бағдарламаларын әзірлеу жөніндегі Нұсқаулық, ҚР ҒЖБМ жоғары білім беруді дамыту ұлттық орталығы директорының 4.05.2023 жылғы № 601 н/к бұйрығына 1-қосымша
Білім беру процесін ұйымдастыру	<ul style="list-style-type: none"> • Болон процесінің принциптерін жүзеге асыру • Студентке бағытталған оқыту • Қол жетімділік • Инклюзивтілік
БББ сапасын қамтамасыз ету	<ul style="list-style-type: none"> • Сапаны қамтамасыз етудің ішкі жүйесі • Стейкхолдерлерді БББ әзірлеуге және оны бағалауға тарту • Жүйелі мониторинг • Мазмұнды өзектендіру (жаңарту)
Оқуға түсушілерге қойылатын талаптар	Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларына сәйкес ҚР БҒМ 31.10.2018 жылғы №600 бұйрығына 02.06.2023ж. №252 бұйрығымен енгізілген өзгертулер мен толықтырулар
Мүгедектерге арналған ЕП және БЭҚ жүзеге асыру шарттары	<p>Ерекше білім беруді қажеттетін және мүмкіндігі шектеулі білім алушылар үшін оқу ғимараттары мен студенттік жатақханаларда тактильді ПВХ плиткалары, арнайы жабдықталған дәретханалар, мнемоникалық схемалар, душ бөлмелерінде штангалар орнатылған. Автотұрақта арнайы орындар жасалған. Шынжыр табанды көтергіш орнатылған. Қозғалысы шектеулі адамдарға (ҚША) арналған үстелдер, қозғалыс бағытын көрсететін белгілер, пандустар қойылған. Оқу корпустарында (бас ғимарат, № 8 ғимарат) тірек-қимыл аппараты (ТҚА) бұзылыстары бар пайдаланушылар үшін бейімделген алты жұмыс орны бар 2 бөлме жабдықталған. Көру қабілеті нашар пайдаланушылар үшін SARA™ CE машинасы (2 дана) кітаптарды сканерлеу және оқу үшін қолжетімді. Кітапхананың веб-сайты нашар көретіндерге бейімделген арнайы NVDA аудио бағдарламасы қызмет көрсетеді. ББАО сайты http://lib.ukgu.kz/ тәулік бойы жұмыс істейді.</p> <p>Оқу процесін ұйымдастыруда және сабақтардың барлық түрлерінде жеке сараланған тәсіл қарастырылған.</p>

2. ББ ПАСПОРТЫ

ББ мақсаты	Қолданбалы психологиялық міндеттерді шешуге, тұлғаның психологиялық салауаттылығын дамытуға, адамдарды, сонымен қатар білімге ерекше мұқтаж тұлғаларға психологиялық көмек пен қолдау көрсетуді қамтамасыз етуге бағытталған бәсекеге қабілетті психологтарды кәсіби даярлау.
ББ міндеттері	<ul style="list-style-type: none"> • Қолданбалы психологиялық міндеттерді шешуге құзыретті психологтарды кәсіби қызметке даярлауды жүзеге асыру; • студенттердің психодиагностика, психокоррекция, психологиялық кеңес беру, ағарту, ғылыми зерттеулер жүргізу саласындағы айқын даярлығын қамтамасыз ету; • дамудың жалпы жоғары интеллектуалдық деңгейін иелену, сауатты және дамыған сөйлеу дағдысын, ойлау мәдениеті мен психологиялық қызметтер саласындағы еңбекті ғылыми ұйымдастыру дағдыларын меңгеру үшін қажетті жағдайларды қамтамасыз ету. • Сұранысқа ие білім мен дағдыларды қалыптастыру, халықтың әл-ауқатын жақсартуға және тұрақты даму мақсаты аясында планетаны қорғауға саналы көзқарас қалыптастыру үшін жағдайлар жасау
ББ үйлесімділігі	<ul style="list-style-type: none"> • Қазақстан Республикасының Ұлттық біліктілік шеңберінің 6-шы деңгейі; • 6 -шы біліктілік деңгейінің Dublin Descriptors; • Еуропалық жоғары білім кеңістігі біліктілік шеңберінің 1-ші циклі (A Framework for Qualification of the European Higher Education Area); • Өмір бойы білім алудың Еуропалық біліктілік шеңберінің 6-деңгейі (The European Qualification Framework for Life long Learning).
ББ кәсіби саламен байланысы	<p>1.Қазақстан Республикасы еңбек және халықты әлеуметтік қорғау Министрінің 2023 жылдың 13 қаңтарындағы №9 бұйрығымен бекітілген «Психологиялық және әлеуметтік жұмыс» кәсіптік стандарты;</p> <p>2.Қазақстан Республикасы еңбек және халықты әлеуметтік қорғау Министрінің 2020 жылдың 30 желтоқсанындағы №553 бұйрығымен бекітілген жетекшілердің, мамандар мен басқа да қызметкерлердің лауазымдарының біліктілік анықтамалығы.</p>
Берілетін дәреженің атауы	Білім беру бағдарламасын сәтті аяқтағаннан кейін бітірушіге: «6B03131-Әлеуметтік саладағы психолог-консультантты даярлау білім беру бағдарламасы бойынша әлеуметтік білімдер бакалавры» дәрежесі беріледі.
Біліктілік және қызметтер тізімі	Психолог (жалпы бейін), балалар психологы, әлеуметтік психолог, әлеуметтік саладағы психолог-консультант, еңбек және ұйымдық психология саласындағы психолог, әлеуметтік саладағы (сот) психолог-консультант, клиникалық психолог, педагог-психолог, әскери психолог, психолог-сарапшы, білім беру мекемелеріндегі психология оқытушысы, басқару, кадр қызметі саласындағы психолог.
Кәсіби қызмет саласы	<p>6B03131- Әлеуметтік саладағы психолог-консультантты даярлау - ББ бойынша әлеуметтік білімдер бакалавры өзінің кәсіби қызметін келесі салаларда жүзеге асырады:</p> <ul style="list-style-type: none"> - білім беру (оқыту мен тәрбиелеу үдерістерін психологиялық зерттеу және қолдау); - денсаулық сақтау және спорт (медициналық және спорттық ұйымдар қызметіне психологиялық қолдау; психопрофилактикалық және психокоррекциялық қызмет); - өндіріс (адам ресурстарын, өндірістік қызмет пен бизнесті басқаруға психологиялық қолдау); - құқық қорғау органдары (шұғыл іздестіру және тергеу қызметіне психологиялық қолдау, сот өндірісі, пенитенциарлы мекемелердегі құқықтық профилактика).
Кәсіби қызмет нысандары	<ul style="list-style-type: none"> • жекеменшік нысаны мен мекемелік тиістілігіне қарамастан барлық типтер мен түрлерді ұйымдастыру (спорттық және шығармашылық, әскери, құқық қорғау, пенитенциарлы, медициналық, әлеуметтік қызметтер, өндірістік бизнестер, бизнес, ұлттық компаниялар, медиаорталықтар, ұлттық қауіпсіздік комитеттері, төтенше жағдайлар, орталықтар: кәсіптік бағдар, кәсіптік оқыту, жұмыспен қамту, қоғамдық пікірді және саяси технологияларды қарастыру); • Мемлекеттік басқару органдары; • Білім беру ұйымдары: мектепке дейінгі, орта мектептер, колледждер мен университеттер, арнайы түзету ұйымдары;

	<ul style="list-style-type: none"> • Халыққа әлеуметтік көмек көрсету бойынша ұйымдар (халықтың әлсіз қабаттарымен жұмыс жасау бойынша әлеуметтік орталықтар, тұрғындардың әлеуметтік әлсіз қабаттарына психологиялық көмек көрсету бойынша қоғамдық қорлар, балалар мен жасөспірімдерді сауықтыру және бейімдеу орталықтары); • Ғылыми-зерттеу және консалтингтік ұйымдар.
Кәсіби қызмет пәндері	<ul style="list-style-type: none"> • Адамның жеке-тұлғалық дамуы; • Әралуан түрдегі ұйым субъектілерін психологиялық қолдау; • Индивидтің әлеуетті мүмкіндіктерін дамыту мақсатында тұлғалық және психикалық салаларды қарастыру; • Халықтың психологиялық саулығы.
Кәсіби қызмет түрлері	<ul style="list-style-type: none"> • Психологиялық диагностика және коррекция; • Психологиялық ағарту және кеңес беру; • Ұйымдық-басқарушылық қызметті психологиялық қолдау; • Психологиялық оңалту және бейімдеу; • Әлеуметтік-психологиялық мәселелер мен бұзылыстарды сауықтыру; • Психологиялық консалтингтік және тренингтік қызметтер; • Қолданбалы конфликтология және медиация; • Ғылыми-зерттеу қызметі.
Оқыту нәтижелері	<p>Білім беру бағдарламасының түлектері келесі қабілеттіліктерімен сипатталады:</p> <p>ОН1 Әлеуметтік ғылымдардың негізгі заңдылықтарын, қаржы басқару және сауатты болу дағдыларын игере отырып, көрнекті мәдениет және ғылым қайраткерлерінің шығармашылық мұрасын терең түсіну және ғылыми талдау негізінде азаматтық ұстанымын көрсетеді;</p> <p>ОН2 Дүниетанымдық, азаматтық және адамгершілік бағдарларының қалыптасқандығы негізінде тұлғаның әлеуметтік-мәдени дамуы білімдерін қолданып, қоғамның әлеуметтік даму бағыттарын, қоғамдық сананы жаңғыртуды талдай отырып, академиялық адалдық принциптерін ұстана отырып, тұлғааралық, әлеуметтік және кәсіби қарым-қатынастың әралуан салаларындағы жағдаяттарды бағалайды;</p> <p>ОН3 Тіршілік әрекетінің барлық салаларындағы заманауи ақпараттық технологияларды қолданып, қазақ, орыс және шет тілдерінде ауызша және жазбаша формаларда қарым-қатынас құрастырады, академиялық жазу тәсілдерін игереді, тұтастай өмір бойына білім алу мен өзін-өзі дамыту дағдыларын, сыни ойлау мен салауатты өмір салтына бағытталуды, дене тұрғысынан өзін-өзі жетілдіруді игереді;</p> <p>ОН4 Психикалық үдерістердің негізгі заңдылықтарын, жалпы, жас ерекшелігі, арнайы психологияны, психологиялық бағыттарды, шет елдік, отандық психология тарихындағы мектептерді тұлғаны қарастырудағы ғылыми жетістіктерді қолдана отырып талдау негізінде қасиеттері мен жай-күйін дәйектейді;</p> <p>ОН5 Психологиялық кеңес беру, тұлғаның жас ерекшелігі, гендерлік, этнопсихологиялық, діни, психофизиологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, кәсіби-тұлғалық тұрғыдан өзін-өзі айқындауы треннгтерін құрастырады, психологиядағы заманауи әдістерді игереді;</p> <p>ОН6 Дамытушы/түзетуші бағдарламаларды құрастыру, білім беру және психология саласындағы инновациялық идеялар негізінде психологиялық көмек көрсету үшін тұлғаның дербес, патопсихологиялық және дифференциалды ерекшеліктеріне кешенді жорамалдауды жүргізеді;</p> <p>ОН7 Психологиялық көмекке, экстремалды жағдайларға түскен, кәсіби күйзелісті сауықтыруға мұқтаж клинеттермен жұмыс жасау бағдарламасын әзірлейді, жеке және топтық психотерапияның заманауи әдістерін қолданады;</p> <p>ОН8 Әралуан қызмет түрлері мен ұйымдарға психологиялық қолдау көрсетуге, білімге ерекше мұқтаж тұлғаларды бейімдеу мен психокоррекция бойынша бағдарламаларды құрастыруға қабілетті, тұлғаның шығармашылық ерекшеліктерін, психологиялық ресурстарын жандандыру, кикілжіндерді шешу әдістерін игереді;</p> <p>ОН9 Суицидальды іс-әрекетке ие тұлғаларды әлеуметтік оңалту және психологиялық қолдау әдістерін меңгеріп, басқару және бизнес психологиясы саласында, кәсіби өзін-өзі айқындауда, көшбасшылық қасиеттерді қалыптастыруда, салауатты өмір салтын, ұжымдағы команда құрылуын қалыптастыруда технологияларды пайдалана отырып, сараптамалық зерттеу жүргізеді;</p>

	<p>ОН 10 Жастар ортасында және қоғамда жаһандық және ұлттық құндылықтарды ілгерілету тетіктерін, тұжырымдамаларын, стратегияларын, психологиялық-педагогикалық және пәндік (арнайы) білімді интеграциялау тетіктері мен қағидаттарын, қазіргі психологиялық ғылымның даму перспективаларын, проблемаларын талдайды;</p> <p>ОН11 Клиенттерге психологиялық кеңес беруді, ойлаудың жүйелілігі мен тәуелсіздігін, кәсіби құзыреттілігін көрсете отырып, халық арасында психологиялық ағарту жұмыстарын жүргізеді;</p> <p>ОН12 Ол инновациялық тәжірибені қолданады, әлеуметтену, реабилитация, бейімделу әдістерін, әлеуметтік ортаның ерекшеліктерін меңгереді, психолог қызметіне жоғары мотивацияны көрсете отырып, өзін-өзі тәрбиелеуге және өзін-өзі жүзеге асыруға ұмтылады, жеке және ұжымда тиімді жұмыс жасайды, өз көзқарасын дұрыс қорғау.</p>
--	--

3.БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ ТҮЛЕГІНІҢ ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТЕРІ

ЖАЛПЫ ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТЕР (SOFT SKILLS). Мінез-құлық дағдылары және тұлғалық қасиеттер	
ЖҚ 1. Өзінің сауаттылығын басқару құзыреттілігі	<ul style="list-style-type: none"> - аналитикалық ойлау; - коммуникативтік қасиет; - командада жұмыс істеуге қабілеттілік; - ұйымдастырушылық қабілеттіліктер; - креативтілік және сыни ойлау, интерпретациялау, талдау, тұжырым жасау, бағалау дағдыларын игеру қабілеттілігі; - белсенді өмірлік ұстанымға ие болу; - белгісіздік пен ықтималдылық жағдайында кәсіби сипаттағы шешім қабылдау.
ЖҚ 2. Тілдік құзыреттілік	<ul style="list-style-type: none"> - әлеуметтік және гуманитарлық білім салаларында ұғымдарды, ой, сезім, фактілер мен пікірлерді жазбаша және ауызша түрде (тыңдау, сөйлеу, оқу және жазу) білдіру және түсіну қабілетін, сондай-ақ оқу кезінде, жұмыста, үйде және бос уақытында лингвистикалық және шығармашылық тұрғыдан жан-жақты қоғамдық және мәдени контексте тиісті түрде меңгеру қабілеті, кәсіби ортада және социумда әлеуметтік қатынас дағдыларын, өз ойын жүйелі және сауатты жеткізу машығын, ауызша және жазбаша сөйлеу дағдыларын еркін игеруі; - шет тіліндегі коммуникациялардың негізгі дағдыларын – кәсіби саладағы ұғымдар, фактілер мен пікірлерді тиісті әлеуметтік және мәдени контексте ауызша және жазбаша түрде (тыңдау, сөйлеу, оқу, жазу) түсіну, білдіру және ұғыну дағдыларын, медиация және мәдениетаралық түсінік дағдыларын меңгеру қабілеті.
ЖҚ 3. Математикалық құзыреттілігі және ғылым саласындағы құзыреттілігі	<ul style="list-style-type: none"> - ғылыми ойлау мәдениетін, талдап қорытуды, дәйектер мен теоретикалық ережелерді талдау мен жинақтауды игеру қабілеті, білім әлеуетін, ЖОО-да математикалық, жаратылыстану-ғылыми пәндерді оқыту барысында иеленген тұлғалық қасиеттері мен тәжірибесін қолдануға даярлығы, кәсіптік мәндеттерді шешуді бақылау мен бағалау, математикалық және жаратылыстану-ғылыми ойлауын дамыту тәсілдерін анықтау.
ЖҚ 4. Цифрлық құзыреттілік, технологиялық сауаттылық	<ul style="list-style-type: none"> - жұмыста, бос уақытта және коммуникацияларда заманауи ақпараттық және сандық технологияларды сенімді, әрі сыни тұрғыда пайдалану, оларды қолдануда, қалпына келтіру, бағалау, сақтау, өндіру, таныстыру және компьютер арқылы ақпарат алмасу дағдыларын меңгеру, кәсіби қызмет саласында Интернет арқылы ынтымақтас желілерде қарым-қатынас жасау және қатысу қабілеті.
ЖҚ 5. Жеке, әлеуметтік және оқу құзыреттіліктері	<ul style="list-style-type: none"> - қоғамдық пікірге, дәстүрлер, салттар, нормаларға негізделген әлеуметтік-этикалық құндылықтарды меңгеру және оларға өзінің кәсіби қызметінде сүйене білу қабілеті; - Қазақстанның құқықтық жүйесінің негіздері мен заңнамасын білу; қоғамның әлеуметтік даму үрдістерін білу; - түрлі әлеуметтік жағдайларда жұмыс істей білу; - мәмілеге келе білу, өз пікірін ұжым пікірімен сәйкестендіре білу; - іскери әдеп нормаларын, әдеп және құқықтық нормаларды меңгеру; - кәсіби өсу және жеке тұлға ретінде дамуға талпыну; - командамен жұмыс жасай білу, өз көзқарасын жетік дәлелдей алу, жаңа шешімдер ұсына білу; - басқа индивидтарға қатысты толеранттылық таныта білу қабілеті.
ЖҚ 6. Кәсіпкерлік құзыреттілік	<ul style="list-style-type: none"> - экономиканы мемлекеттік реттеу мақсаттары мен әдістерін, экономикадағы мемлекеттік сектордың рөлін білу және түсіну; - экономикалық білім негіздерін меңгеру; сыни ойлау, интерпретация, талдаудың

	креативтілігін, қорытынды шығару, бағалау дағдыларын меңгеру; - кәсіби міндеттерге қол жеткізу үшін жобаларды басқару, персоналды басқара білу, кәсіпкерлік дағдыларын көрсете білу қабілеті.
ЖҚ 7. Мәдени хабардарлық және өз ойын жеткізе білу қабілеті	Жеке қасиеттерін көрсету: ізгі ниет, қарым-қатынас, эмпатия, стресске төзімділік, эмоционалды тепе-теңдік, кәсіби және әлеуметтік жауапкершілік, оқыту және зерттеу дағдыларын дамыту қабілеті.
КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТЕР (HARDSKILLS)	
Осы бағыт үшін тән теоретикалық білімдер мен тәжірибелік дағдылар мен шеберліктер	КҚ1 – негізгі психологиялық ұғымдарды, психикалық процестердің механизмдері мен заңдылықтарын, жас ерекшелігі мен әлеуметтік көріну ерекшеліктерін ескере отырып, сапа мен жай-күйді дәйектейді.
	КҚ2 – адамның психикалық тіршілік әрекетін үйлестіру мақсатында танымдық және тұлғалық салалардағы даму деңгейі мен ерекшеліктеріне кәсіби ықпал етуге қабілетті.
	КҚ3 – диагностикалық, сауықтыру, кеңес беру, дамыту және түзету жұмыстарының әдістері мен тәсілдерін игерген.
	КҚ4 – тұлғаның, әсіресе білімге ерекше мұқтаж тұлғалардың дамуының психологиялық және физиологиялық заңдылықтарын талдайды, әралуан жас кезеңіндегі, кәсіби қызметтегі олардың көріністерін есепке алады.
	КҚ5 – қоғамдағы ырғақты қарым қатынасты құрастырады, кикілжіңге жол бермейді; психологиялық-педагогикалық технологиялар арқылы кәсіби құзыреттіліктерді жетілдіреді.
	КҚ6 – кәсіби қызметте инновациялық идеяларды іске асырады, қалыптан тыс және барабар шешімдер қабылдауға қабілеттілік танытады.

3.1 Жалпы БББ бойынша оқыту нәтижелерінің қалыптасатын құзыреттермен арақатынасы матрицасы

	ОН1	ОН2	ОН3	ОН4	ОН5	ОН6	ОН7	ОН8	ОН9	ОН10	ОН11	ОН12
ЖҚ1	√	√			√	√	√			√		
ЖҚ2	√	√	√				√		√	√	√	√
ЖҚ3	√					√			√		√	
ЖҚ4	√		√	√	√	√	√	√	√	√	√	
ЖҚ5	√	√	√		√	√	√	√	√	√	√	√
ЖҚ6	√	√	√		√	√	√	√	√		√	
ЖҚ7	√	√	√		√			√	√	√	√	√
КҚ1				√	√	√		√			√	√
КҚ2					√	√	√	√	√		√	√
КҚ3					√	√	√	√	√		√	√
КҚ4				√	√	√	√	√	√		√	√
КҚ5					√	√	√	√	√		√	√
КҚ6					√	√	√	√	√		√	√

4. Модульдер мен пәндердің оқыту нәтижелерін қалыптастыруға ықпалы мен еңбек көлемі туралы мәліметтер матрицасы

№	Модульдің аталуы	цикл	Компонент	Пәннің аталуы	Пәннің қысаша сипаттамасы	Кредиттер саны	Қалыптасатын оқыту нәтижелері (кодтары)												
							ОН1	ОН2	ОН3	ОН4	ОН5	ОН6	ОН7	ОН8	ОН9	ОН10	ОН11	ОН12	
1	Қоғамдық ғылымдар негіздері	ЖБП	МК	Қазақстан тарихы	Пәннің мақсаты - Қазақстанның тарихи дамуының негізгі кезеңдерін, заңдылықтарын және өзіндік ерекшеліктерін терең түсіну және ғылыми талдау негізінде Қазақстан тарихының объективті білім беру. Ежелгі адамдар және көшпелі өркениеттің қалыптасуы. Түркі өркениеті және Ұлы дала. Қазақ хандығы. Жаңа заман дәуіріндегі Қазақстан. Қазақстан кеңестік әкімшіл-әміршіл жүйенің құрамында. Қазақстан тәуелсіздігінің жариялануы. Қазақстан Республикасының мемлекеттік құрылысы, қоғамдық-саяси даму, сыртқы саясаты және халықаралық қатынастары. Қазақстан тарихындағы оқиғалардың себеп-салдарын талдаудың тарихи суреттеу әдістері мен тәсілдері.	5	√	√											
		ЖБП	МК	Философия	Ойлау мәдениетінің туындауы. Философия пәні мен әдісі. Әлемді философиялық ойлау негіздері. Сана, жан және тіл. Онтология және метафизика. Этика. Құндылықтар философиясы. Еркіндік философиясы. Өнер философиясы. Қоғам және мәдениет. Философия тарихы. Дін философиясы. «Мәңгілік ел» және «Рухани жаңғыру» – жаңа Қазақстан философиясы.	5	√	√											
2	Әлеуметтік-саяси білімдер	ЖБП	МК	Әлеуметтану және саясаттану	Мақсаты: Әлеуметтік әлем ұғынуындағы социология. Социологиялық зерттеулер. Социализация және дербестік. Жанұя және заман. Девиация, қылмыстылық, әлеуметтік бақылау. Дін, мәдениет, қоғам. Этникалық және ұлт социологиясы. Білім мен әлеуметтік теңсіздік. Масс-медиа, технология және қоғам. Экономика, жаһандану, еңбек. Денсаулық және медицина. Халық, урбанизация және қоғамдық қозғалыстар. Әлеуметтік өзгеріс.	4	√	√											
		ЖБП	МК	Мәдениеттану және психология	Мақсаты: тарих, қазіргі тенденциялар, мәдениет пен психологияны дамытудың өзекті мәселелері мен әдістері туралы ғылыми білімдерін, психологиялық құбылыстарды жүйелі талдау дағдыларын қалыптастыру. Мазмұны: мәдениет морфологиясы. Мәдениет тілі. Мәдениет семиотикасы. Мәдениет анатомиясы. Көшпелі мәдениет. Прототүріктердің мәдени мұрасы. Орталық Азияның ортағасырлық мәдениеті. Түріктердің мәдени	4	√	√											

				мұрасы. Қазақ мәдениетінің қалыптасуы. Қазақ мәдениеті XVIII ғасырдың басы – XIX ғасырдың соңы, XX ғ. Қазіргі әлемдік үдерістер мен жаһандану жағдайындағы қазақ мәдениеті. Қазақстанның мәдени саясаты. «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы. Ұлттық сана контекстіндегі тұлға. Мен және менің мотивациям. Эмоциялар, эмоционалды интеллект. Адамның еркі, өзін-өзі реттеу психологиясы. Жеке типологиялық ерекшеліктері. Құндылықтар, мүдделер, нормалар рухани негіз болып табылады. Психология - өмірдің мәні, кәсіби өзін-өзі анықтау, денсаулық ретінде. Жеке тұлға мен топтың қарым-қатынасы. Перцептивті қарым-қатынас. Интерактивті қарым-қатынас. Коммуникативті қарым-қатынас. Әлеуметтік-психологиялық конфликт. Қақтығыс кезіндегі мінез-құлық үлгілері. Тиімді коммуникация әдістері.															
3	Әлеуметтік-этникалық даму	ЖБП	ТК	Экожүйе және құқық	Мақсаты: экономика, құқық, антикоррупциялық мәдениет, экология және тіршілік қауіпсіздігі, кәсіпкерлік, ғылыми зерттеулер әдістері саласында интеграцияланған білімді қалыптастыру. Мазмұны: адам мен табиғаттың қауіпсіз өзара іс-қимылының, экожүйелер мен биосфераның өнімділігінің негіздері. Қазақстандық құқықты, субъектілердің міндеттері мен кепілдіктерін білу, әлеуметтік прогресті қамтамасыз ету үшін қоғамдық қатынастарды мемлекеттік реттеуді білу және сақтау. Құзыреттіліктер: ғылыми зерттеулер әдістерін қолдану.	5	√	√											
		ЖБП	ТК	Кәсіпкерлік және қаржылық сауаттылық	Пәннің мақсаты – қаржылық әл-ауқатқа жету үшін маңызды болып табылатын жеке және отбасылық қаржылық ресурстарды зерттеу. Пәннің мазмұны. Қаржылық жоспарлау және тұтынушылардың қауіпсіздігі. Ақшаны тиімді жұмсаудың және үнемдеудің негізгі әдістері мен тәсілдері. Жеке қаржылық ресурстарды қорғау және инвестициялау. Жеке қаржының рөлі мен маңызы, оның қаржылық тұрақтылыққа қол жеткізудегі мүмкіндіктері. Көптеген күмәнді қаржылық ақпаратты сүзгілеу. Жауапкершілікті өз бетінше басқаруға ынталандыру және тұтынушының оңтайлы қаржылық мүмкіндіктері. Кәсіби мансап құру кезінде сауатты қаржылық шешімдер қабылдау.		√	√											
		БП	ТК	Мұхтартану	Мақсаты: М. Әуезовтің әдеби-тарихи шығармашылығы туралы әдебиет тарихымен патриоттық және мәдени-рухани ұстаным негізінде түсінік қалыптастыру. Шығармашылық ойлауын, өзіндік зерттеу дағдысын			√	√										

				дамыту. Пән мазмұны: М. Әуезовтің өмірі мен шығармашылық жолы. «Абай Құнанбаев» монографиясы, «Абай жолы» роман-эпопеясы.															
		БП	ТК	Абайтану	Мақсаты: А.Құнанбайұлы арқылы «Қазақтану» жобасындағы «құлтық кодты» сақтау мен дәріптеу Мазмұны: ХІХ-ХХғ. Қазақстан тарихына, қазақ әдебиетіне тарихи шолу жасау. Абайтану саласының дамуындағы ХХ-ХХІ ғасырдың абайтанушылардың еңбектері. Абайдың шығармашылығының хронологиясы. Абай - қазақ халқының ұлы ақыны, этнограф, қазақ жазба әдебиетінің негізін салушы. Абай - «Қармола Ережесі» заңдар жинағының құрастырушысы, қоғамдық маңыздылығы. Абай - ойшыл, дінтанушы, философ. Абай білім және ғылым саласындағы рөлі, «Толық адамды» қалыптастыру идеясы. Абайдың аудармалары, поэмалары, «Қара сөздері», «Абай жолы» роман-эпопея. Қ.Тоқаев «Абай және Қазақстан ХХІ ғасырда» маңыздылығы.	3	√	√											
		БП	ТК	Жасанды интеллект негіздері	Мақсаты: студенттерге психологиялық кеңес беруде қолдану үшін жасанды интеллекттің негізгі ұғымдары мен мүмкіндіктерін меңгеруге көмектесу. Мазмұны: ЖИ тарихы мен принциптері, машиналық оқыту, нейрондық желілер, чат-боттар, психологиядағы ЖИ этикасы, клиент деректерін талдау; психологиялық күйлерді диагностикалау және кеңес беру процесін қолдау үшін АИ қолдану мүмкіндіктері; ЖИ пайдалану кезінде жеке деректерді қорғау және қауіпсіздік. Құзыреттіліктер: ЖИ технологияларын түсіну, сыни бағалау, кеңес беруде ЖИ шешімдерін пайдалану.														
		БП	ТК	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет негіздері	Мақсаты: сыбайлас жемқорлыққа қарсы дүниетанымды, жеке тұлғаның берік моральдық негіздерін, азаматтықты, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мінез-құлықтың тұрақты дағдыларын қалыптастыру. Мазмұны: Құқықтық нигилизмнің алдын алу, сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама саласында студенттердің құқықтық мәдениетінің негіздерін қалыптастыру. Сыбайлас жемқорлыққа деген саналы қабылдауды, көзқарасты қалыптастыру. Сыбайлас мінез-құлықтан моральдық бас тарту, бұзылған мораль, этика. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұру үшін қажетті дағдыларды меңгеру.														
4	Коммуникация және дене	ЖБП	МК	Қазақ (орыс) тілі	Мақсаты: қазақ (орыс) тілінде қоғамдық өмір және әлеуметтік-мәдени, кәсіби салаларында	10			√										

	мәдениеті			коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастырып, академиялық мәтіндер жазу қабілетін жетілдіреді. Мазмұны: А1, А2, В1, В2-1, В2-2 (В2, С1 орыс тілі) деңгейлері халықаралық стандарттағы қарым-қатынас аясынан, тақырыптардан, тақырыпшалардан және типтік жағдаяттарынан тұратын когнитивтік-лингвомәдени кешендер: әлеуметтік тұрмыстық, әлеуметтік-мәдени, кәсіптік білім беруде үлгіленген формалар бойынша ауызша және жазбаша қарым-қатынас, жазбаша сөйлеу жұмыстары, тыңдалым түрінде ұсынылған. Білім беру бағдарламасы бойынша мәтіндердегі тілдік материалды түсінгенін көрсету, терминологияны білу және сын тұрғысынан ойлауды дамыту.															
		ЖБП	МК	Шетел тілі	Студенттердегі өзі, туысқандары, достары мен таныстары жөніндегі қарапайым жеке ақпараттарды мазмұндау форматындағы жазудың өнімді дағдыларын дамытады. Жеткілікті деңгейде (А2), базалық жеткіліктілік деңгейінде (В1), базалық стандарттылық (В2) деңгейінде шет тілдік құрылымдар процесінде студенттердің мәдениаралық қарым-қатынастары құзыреттіліктерін дамытады.	10			√										
		ЖБП	МК	Дене шынықтыру	Мақсаты: кәсіби қызметке дайындалу үшін денсаулықты сақтауды, нығайтуды қамтамасыз ететін дене шынықтыру құралдары мен әдістерін мақсатты түрде пайдалану қабілеттілігі мен әлеуметтік-жеке құзыреттіліктерін қалыптастыру; болашақ еңбек қызметінде физикалық жүктемелердің, жүйке-психикалық стресстердің және қолайсыз факторлардың тұрақты төзімділігіне. Дене шынықтыру-сауықтыру және жаттығу бағдарламаларын іске асыру. Жалпы дамыту және арнайы жаттығулар кешені. Спорт түрлері (гимнастика, спорттық және ашық ойындар, жеңіл атлетика және т.б.). Сабақ процесінде бақылау және өзін-өзі бақылау, сақтандыру және өзін-өзі сақтандыру. Жарыстардың төрешілері, кәсіптік-қолданбалы дене шынықтыру даярлығының	8			√										

				құралдары. Қазіргі заманғы сауықтыру жүйелері: А. Стрельникова, К. Бутейко, К. Динейки бойынша тыныс алу жүйесі, Бубновский бойынша бірлескен гимнастика.														
	БП	ЖК	Кәсіби қазақ (орыс) тілі	Мақсаты: кәсіби маңызды жағдайларда қарым-қатынасты барабар құра алатын және арнайы мақсатта тіл нормаларын меңгерген маманның кәсіби бағдарланған тілдік даярлығын қамтамасыз ету. Мазмұны: кәсіби тіл және оның құрамдас бөліктері. Кәсіби терминология ғылыми стильдің негізгі белгісі. Оқу-кәсіптік және ғылыми-кәсіптік салалардағы ғылыми лексика және ғылыми конструкциялар. Мамандық бойынша ғылыми мәтіндерді құрастыру және талдау бойынша жұмыс алгоритмі. Ғылыми-кәсіби мәтіндерді құрастыру. Болашақ кәсіби қызмет шеңберіндегі іскерлік коммуникация және құжаттама негіздері.	3			√										
	БП	ЖК	Кәсіби бағытталған шетел тілі	Мақсаты: Әртүрлі функционалды стильдер мен жанрлардағы түпнұсқалы әдебиеттерден оқу және аудару секілді ауызша және жазбаша қарым-қатынас дағдылары мен шеберліктері, кәсіби сипаттағы әңгімелесуге қатысу, кең көлемді қарым-ұатынас ниетін, монологтық ойды, тілдік этикет ережелерін сақтауды білдіреді.	3			√										
	ЖБП	МК	Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар (ағыл. тілінде)	Мақсаты: ақпараттық технологиялар арқылы ақпараттарды жіберу және жинау тәсілдерін, ақпараттарды өңдеу және сақтау, іздеу әдістері, процестерді талдау және сыни бағалау мүмкіндіктерін қалыптастыру. Сандық жаһандану дәуірінде заманауи ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың рөлі мен маңыздылығын сыни түрде түсіну қабілетін дамыту, жаңа "сандық" ойлау. Мазмұны: Компьютерлік жүйелерге кіріспе және архитектурасы. Бағдарламалық қамтамасыз ету. Операциялық жүйелер. Адамның компьютермен әрекеттесуі. Деректер базасының жүйесі. Деректер базасын басқару. Желілер және телекоммуникациялар. Киберқорғаныс. Интернет технологиялары. Бұлтты және мобильді	5			√										

					технологиялар. Мультимедиялық технологиялар. Смарт технологиялар. Электронды технологиялар. Электронды бизнес. Электронды үкімет.														
5	Негізгі психологиялық құзыреттілік	БП	ТК	Жалпы психология	Мақсаты: психикалық құбылыстар туралы білімдерді меңгеру мен зерттеу негізінде студенттердің психологиялық ойлауын дамыту. Мазмұны: психологияның жалпы психологиялық заңдылықтарын, теориялық принциптері мен әдістерін, оның негізгі ұғымдары мен категориялық құрылымын олардың қазіргі жағдайы мен тарихи дамуын зерттейтін психологиялық білім. Құзыреттілігі: негізгі психологиялық ұғымдарды, психика құрылымы мен функцияларын біледі.	5				√									
		БП	ТК	Арнайы психология	Мақсаты: Студенттерді мүмкіндігі шектеулі балалардың психикалық және тұлғалық дамуының ерекшеліктері мен заңдылықтары туралы біліммен қаруландыру (МШБ). Мазмұны: ерекше қажеттіліктері бар балалардың психологиясы, психикалық дамуы тежелудің себептері. Балаларды психологиялық-педагогикалық қолдау. Құзыреттіліктер: мүмкіндігі шектеулі балалардың дамуын диагностикалау және динамикалық бақылау дағдыларына ие.						√								
		БП	ТК	Мамандыққа кіріспе	Мақсаты: психологтың кәсіби қызметі жөніндегі ұғым-түсініктерді қалыптастыру. Мазмұны: белгілі сала шеңберінде профессионал қызметінің құрылымы (профессионалдың психологиялық портреті), психологиялық бағыттар, әдістер, кәсіби қызмет жағдайлары. Психолог қызметінің әдеп нормалары. Құзыреттіліктер: өз мамандығының әлеуметтік мәнділігін, психолог қызметінің мақсаты мен мағынасын ұғынуға қабілетті, азаматтық және қызметтік парызын орындайды.	4				√									
		БП	ТК	Академиялық жазу негіздері	Мақсаты: ғылыми баяндау стилінің дағдыларын меңгеру, академиялық мәдениет пен адалдықты қалыптастыру. Мазмұны: мәтіннің құрылымына және оның					√									

				безендірілуіне қойылатын талаптар; презентацияның ғылыми стилін қолдану; дәлелдеу және сөз тіркестері; сілтемелерді дұрыс кірістіру, әдебиеттер тізімін құрастыру мүмкіндігі. Құзыреттіліктер: ғылыми жұмыстарды ықшам және қолжетімді формада баяндау.														
	БП	ТК	Тұлға психологиясы	Мақсаты: тұлға теориясы мен негізгі бағыттары, қазіргі ғылымдағы тұлғаның өзекті мәселелері жөніндегі ұғым-түсініктерді қалыптастыру. Мазмұны: тұлғаны және әртүрлі жеке процестерді, психикалық өмірдің динамикалық аспектілерін, жеке айырмашылықтарды зерттеу. Құзыреттілігі: психика мен тұлғаны зерттеу әдістерін қолдана алады, зерттеу нәтижелерін талдап, жинақтап, баяндай алады.	4				√	√								
